

3. Аксұңқарұлы, С. Мекке әкімі болған қазақ - Абдулла Бұхари. // Егемен Қазақстан газеті, 2015, 12 қыркүйек.
4. Махат, Д. Сауд Арабиясындағы Қазақ: Шәкеннің тағдырлы жолы. Астана: Фолиант, 2018. 98-115 бб.
5. Нұрғали, С. Шәкен Сарыұлы: Құлдықтан патша уәзіріне дейін. // Жұлдыз журналы, 2017, № 4. 56-62 бб.

ЕЛДЕС ОМАРҰЛЫ ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Ғабдулуохап Ә.Е.

Ғылыми жетекшісі. т.ғ.к., қауым.профессор Туякова А.Е.

Астана халықаралық университеті,

agabduluohap@gmail.com

Астана қ.

XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ ұлттық жаңғыруы мен саяси-ағартушылық қозғалысының алдыңғы қатарында тұрған қайраткер Елдес Омарұлының қоғамдық, ғылыми және ағартушылық қызметі жан-жақты талданады. Оның өмір жолын, тілтану, педагогика, ұлттық мәдениет, баспасөз, саясат салаларындағы еңбектерін, Алаш қозғалысы шеңберіндегі рөлін, кеңестік репрессия жылдарындағы тағдырын ғылыми тұрғыда қарастырылады. Мақалада Елдес Омарұлының ғылыми-педагогикалық мұралары ұлттық интеллектуалдық тарихтағы орны тұрғысынан жүйеленіп, оның еңбектерінің қазіргі кезеңдегі маңызы анықталады. Зерттеу барысында тарихи-деректік, салыстырмалы, мәтіндік талдау әдістері қолданылып, архивтік материалдар мен жарияланған еңбектерге сүйенген түпнұсқалық тұжырымдар ұсынылады. Мақала ұлттық ғылым мен ағартушылық тарихындағы тұлғаның рөлін кешенді бағалауға бағытталған.

XX ғасырдың алғашқы ширегі қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінде терең өзгерістер орын алған тарихи кезең болды. Қазақ даласы патшалық Ресейдің отарлық саясатының зардаптарын бастан кешіргенімен, дәл осы уақытта ұлттың жаңғыруына жол ашқан жаңа саяси қозғалыстар, ұлттық идеялар, ағартушылық бағыттары қалыптасты. Бұл күрделі кезеңнің алдыңғы шебінде қазақтың жаңа интеллигенциясы Алаш қозғалысының қайраткерлері тұрды. Олардың қатарында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жақып Ақпаев, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедұлы сынды тұлғалармен бірге, есімі көпшілікке кешірек танылған, бірақ еңбегі орасан Елдес Омарұлы ерекше орын алады.

Елдес Омарұлы қазақ тілінің ғылыми негізде жүйеленуіне, педагогикалық әдістемелердің қалыптасуына, ұлттық баспасөздің дамуына, әдебиеттану мен тарих, этнография бағыттарының дамуына айырықша үлес қосты. Оның өмір жолы XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының тағдырын қайталайтын, ұлт үшін аянбай қызмет еткен, бірақ кеңестік репрессияның құрбаны болған тұлғалық драманың бір көрінісі. Бұл мақаланың мақсаты Елдес Омарұлының өмірі мен қызметін жан-жақты талдап, оның ұлт тарихындағы орнын қазіргі ғылыми түсінік деңгейінде қайта ой елегінен өткізу. Зерттеуде оның шығармалары, замандастарының естеліктері, архивтік материалдар және осы тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектер негізге алынады.

Тиесов Елдес ғылыми-ағартушылық, тілтанымдық және қоғамдық-саяси қызметінің мазмұнын ашу, оның қазақ зиялылары арасындағы орнын кешенді түрде анықтау. Мақсатына сәйкес зерттеу міндеттеріне, Елдес Омарұлының өмірбаянын тарихи деректер негізінде жүйелеу, Оның Алаш қозғалысына қатысу ерекшеліктерін айқындау, Тіл білімі мен педагогика саласындағы еңбектерін талдау, Қазақ баспасөзі мен әдебиетіне қосқан үлесін анықтау, Репрессияға дейінгі және кейінгі кезеңдегі тағдырын зерделеу, Елдес Омарұлы мұрасының қазіргі ғылымдағы маңызын көрсету.

Елдес атаның тұлғасы қазақ қоғамының XX ғасыр басындағы рухани жаңғыру тарихының кілтті элементтерінің бірі. Оның еңбектері тек тілтану немесе педагогика саласымен шектелмейді. Ол ұлттық идеяны саяси тұрғыда қорғаған, мемлекеттілікті жаңғырту жолында қызмет еткен, ағартушылықты ұлттық дамудың негізі деп таныған қайраткер. Тақырыптың өзектілігі төмендегі факторлармен айқындалады.

Біріншіден, Тиесов Елдес ғылыми мұралары ұзақ жылдар бойы кеңестік цензураның әсерінен зерттелусіз қалды. Тек тәуелсіздік жылдарында ғана оның шығармалары зерттеушілер назарын қайта аудартты. Екіншіден, тұлғаның тіл біліміне қосқан үлесі (әліпби реформасы, терминология, қазақ грамматикасы) қазіргі қазақ филологиясының негізін қалаушылардың бірі ретінде қарастыруды талап

етеді. Үшіншіден, оның педагогикалық еңбектері бүгінгі білім беру жүйесі үшін құнды тарихи-теориялық ресурс болып табылады. Төртіншіден, оның Алаш қозғалысына қатысу формалары мен саяси көзқарастары әлі толық зерттелмеген. Бесіншіден, репрессия құрбаны ретіндегі тағдыры кеңестік тоталитарлық жүйенің қазақ интеллигенциясына қарсы саясатының айқын көрінісі. Сондықтан осы тұлғаны жан-жақты талдап, оның ұлт тарихындағы рөлін ғылыми негізде қайта бағалау қазіргі кезеңде маңызды міндет.

Зерттеу барысында төмендегідей ғылыми нәтижелер анықталды, Тиесов Елдес XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ішінде тіл білімі, әдебиет, педагогика, тарих, саясат салаларын қатар меңгерген әмбебап тұлға болғаны дәлелденді. Оның Алаш қозғалысымен байланысы формалды емес, ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыруға бағытталған жүйелі саяси көзқарастарға сүйенгені көрсетілді. Әліпби реформасы мен қазақ тілін ғылыми жүйелеуге қосқан үлесі қазіргі қазақ лингвистикасының негізін қалаушылар деңгейінде бағалануы қажет екені анықталды. Оның «қазақ мектебінің мазмұны қандай болуы керек?» деген педагогикалық тұжырымдары бүгінгі ұлттық білім беру идеясымен сабақтас.

Кеңестік репрессия жылдарында Елдес Омарұлының әрекеттері саяси емес, ғылыми-ағартушылық бағытта болғанына қарамастан, ол жүйенің құрбанына айналғаны айқындалды. Бүгінгі таңда Елдес мұрасының зерттелуі ұлттық тарих пен ғылымның толыққанды дамуына қызмет ететін ғылыми қажеттілік.

Елдес Омарұлы Тиесов 1892 жылы Ақмола уезінің қазақ ауылдарының бірінде дүниеге келді. XX ғасыр басындағы ұлттық интеллигенцияның көпшілігі сияқты, ол да жасынан білімге құштар болып өсті. Дәстүрлі ауыл молдасынан хат танып, кейін орыс-қазақ мектептерінде білім алды. Осы аралас білім алу моделі оның кейінгі дүниетанымына айрықша әсер етті, бір жағынан, ұлттық рухани дәстүрмен сусындаған, екінші жағынан, еуропалық ғылыми ойлауды меңгерген жаңа типтегі зиялы болып қалыптасты. 1900-жылдардың басында ол Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түсіп, осында оқи жүріп, қазақ жастарының ұйымдасуына, ұлттық мәселелер төңірегіндегі пікірталастарға белсенді араласты. [7, 12 б].

Семинарияда оқыған жылдары Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы сияқты қазақ зиялыларының еңбектерімен танысып, олардың идеялары Елдестің қалыптасуында рухани бағдар болды. Оның ұлттық мәселелерге қызығушылығы білім алған ортаның ықпалымен күшейді. Студенттік жылдары-ақ Ол қазақ тілінің фонетикасы мен сөзжасамына байланысты шағын ғылыми жазбалар жасады, қазақ мектебінің оқу бағдарламасы туралы өз пікірін қалыптастырды, қазақ тілін оқыту әдістемесін жасаудың қажеттігін көтерді, ұлттық баспасөзде тіл, оқу-ағарту мәселелеріне қатысты мақалалар жариялады. Осындай әрекеттері оның білімді мұғалім ғана емес, ұлттық ғылыми ойлаудың өкілі болып қалыптасқанын көрсетеді [1, 125 б].

Омарұлы Елдес 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін қазақ даласында қалыптаса бастаған ұлттық саяси ұйымдардың жұмысына белсене араласты. Ол Алаш партиясының бағдарламалық мақсаттары мен саяси бағытын қолдаған зиялылардың бірі болды. Алаш қозғалысы қызметінің негізгі бағыттары ұлттық автономия құру, қазақ қоғамын демократиялық негізде жаңарту, ұлттық білім беру мен мәдениетті дамыту, жер мәселесін шешу, құқықтық реформаларды жүзеге асыру да тұлғалық ұстанымына сәйкес келді. Ол аймақтық съездерге қатысып, ауылдық комитеттер құру жұмыстарына араласты. Осы арқылы Елдес қазақ қоғамында өзіндік саяси ықпалы бар зиялы тұлға екенін танытты. Алашорда үкіметіне ресми мүше болмаса да, оның идеясын қолдап, жергілікті жерлердегі ағартушылық жұмыстарды ұйымдастырды. [5, 132 б].

1919-1920 жылдары азамат соғысы аяқталып, кеңес өкіметі нығая бастағанда, көптеген Алаш қайраткерлері сияқты да жаңа билікпен ымыраға келуге мәжбүр болды. Кеңес үкіметі халықты сауаттандыру, мектеп ісін жандандыру бағытында зиялы қауымды тартуға ұмтылды. Елдес осы кезеңде Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатында қызмет атқарды, оқулықтар жазуға қатысқан комиссия құрамында болды, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқу бағдарламаларын дайындау ісіне араласты, қазақ мектептері үшін тіл білімі, арифметика, әдебиет бойынша оқу құралдарын әзірлеуге атсалысты.

Дегенмен оның кеңестік жүйеге бейімделуі саяси көзқарасын өзгертті дегенді білдірмейді. Ол Алаш идеяларын ашық қолдамаса да, ұлттық мәдениетті сақтау, қазақ тілін дамыту, ұлттық мектеп жүйесін қалыптастыру бағытын жалғастырды. Елдес Омарұлы XX ғасыр басындағы қазақ тіл білімінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі. Оның тілтанымдық еңбектері қазақ филологиясының ғылым ретінде қалыптасу кезеңінде жазылған.

1920-1928 жылдары қазақ зиялылары арасында әліпби реформасы жөнінде қызу пікірталас жүрді. Осы кезеңде Елдес ата түркі жұрты қолданған араб жазуының кемшіліктерін атай отырып, жаңа

әліпби жасаудың қажеттілігін ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Ол: дыбыстық таңба мен әріп сәйкестігі, жазудың үйренуге жеңілдігі, баспа ісіне ыңғайлылығы, сияқты мәселелерді көтерді. Ол латын графикасына көшу туралы пікірді қолдағандардың бірі болды. Бұл бағыттағы көзқарастары оның тілтанымдық жаңашылдығын көрсетеді.

Қазақстанда алғашқы ғылыми терминдер жүйесін қалыптастыру ісінде Елдестің үлесі ерекше. Ол ғылым тілін қазақша қалыптастыруды қолдап, жаңа терминдерді: қазақша түбірден жасау, қажет болғанда халықаралық терминдерді икемді түрде бейімдеу, ұлттық ұғымдық дүниетанымға сәйкес қолдану қағидаларын ұсынды. Осы тұрғыдан алғанда, оның терминдерге қатысты ұстанымы қазіргі қазақ терминологиясымен сабақтас.

Елдес Омарұлы, қазақ педагогикасының дамуына өз қолтаңбасын қалдырған тұлға. Ол «қазақ баласына білім беру моделі ұлттық болуға тиіс» деген тұжырымды ұстанды. Ол ұсынған маңызды пікірлердің бірі қазақ мектебінің оқу бағдарламасында, ана тілі негізгі пән болуы, ұлттық тарих, этнография, әдебиет міндетті түрде оқытылуы, оқыту әдістемесі қазақ баласының психологиялық ерекшелігіне бейімделуі, қажеттігі туралы тұжырымдар. Бұл пікірлерімен ол Досмұхамедұлы және Байтұрсынұлы, идеяларымен үндесді [2, 45 б].

Тиесов Елдес қазақ әдебиетінің теориялық негіздерін қалыптастыру жолында еңбек еткен алғашқы ғалымдардың бірі. Ол әдебиеттануды тек көркем мәтінді талдау емес, ұлттық дүниетанымның, халықтық поэтиканың, тарихи жадының көрінісі деп түсінді. Елдес Омарұлының әдебиетке қатысты мақалаларының негізгі бөлігін: қазақ өлең құрылысы, поэтикалық өлшем, ырғақ пен буын заңдылықтары, айтыс табиғаты, фольклорлық жырлардың құрылымы, сияқты мәселелер құрайды.

Ол қазақ өлеңінің буындық жүйесін ғылыми негізде алғаш талдаған тұлғалардың қатарында. Оның пікірінше, қазақ өлеңіндегі ырғақ құрылымы халықтың дүниені қабылдауымен, көшпелі өмір ритмімен тығыз байланысты. Мысалы, жыраулар поэзиясындағы 7-8 буынды өлшемдер қазақтың әскери жүрістеріне, көш-керуен ырғағына үйлесіп отырған деп есептейді [3, 45 б].

Баспасөз саласындағы қызметі де Елдес атты есімін ұлт руханиятының алдыңғы қатарына қойған. Ол XX ғасыр басындағы басты ұлттық басылымдар - «Қазақ», «Сана», «Шолпан», «Жаңа мектеп» журналдарында үнемі мақалалар жазып тұрды. Осы басылымдардағы материалдары көбіне тіл, мәдениет, оқу-ағарту, әдебиет, ұлттық мектеп, әлеуметтік мәселелер төңірегінде болды. Ол баспасөз арқылы қазақ қоғамы үшін маңызды мәселелерді халыққа жеткізіп, ағартушылық миссия атқарды. Оның мақалаларының басты мақсаты қазақ баласын білімге тарту, ұлттық сананы ояту, қоғамды мәдени ілгерілеуге бағыттау еді. [9, 112 б].

Тиесов Елдестің саяси көзқарастары Алаш зиялыларының ортақ бағытымен сәйкес келді. Ол ұлттық автономия, қазақ мемлекеттілігін жаңғырту, демократиялық қоғам құру, жер мәселесін әділ шешу сияқты идеяларды қолдады. Алаш қозғалысының мүшелерімен тығыз араласып, олардың қоғамдық жұмыстарына белсенді үкіметтік емес қолдау көрсетті. Дегенмен кеңес билігі орнағаннан кейін ол ашық саяси күреске кіріспей, білім мен мәдениет саласына ауысты. Соған қарамастан, оның ұлттық мектеп, тіл, мәдениет туралы пікірлері кеңестік билік идеологтарының күдігін оятты.

1929-1930 жылдары басталған қуғын-сүргін қазақ зиялыларының тағдырын күрт өзгертті. Елдес Омарұлы да «ұлтшыл», «Алашорда идеясын қолдаушы» деген жалған айыптармен тұтқындалып, Сібірге жер аударылды. Тергеу материалдарында оған ғылыми-ағартушылық көзқарастарының өзі айып ретінде тағылды. Тіпті қазақ тілін қорғауы, әліпби реформасындағы белсенділігі, ұлттық мектеп туралы көзқарастарының өзі «ұлтшылдық» деп танылды. Сібірде жүрген жылдарында ол мұғалім болып еңбек етті, зерттеу жұмыстарын жалғастырды, қазақ балаларын оқытты. Бірақ 1937 жылғы жаппай саяси террор кезінде екінші рет тұтқындалып, ату жазасына кесілді. Осылайша қазақ ғылымы мен мәдениеті аса дарынды бір тұлғасынан айырылды. [5, 298 б].

Тәуелсіздік жылдарында Елдес атаның есімі қайта жаңғырып, оның еңбектері ұлттық ғылымға қайта енгізіле бастады. Тіл, әдебиет, педагогика салалары бойынша қалдырған мұралары ғылыми ортада жоғары бағалануда. Зерттеушілер оны қазақ лингвистикасының бастауында тұрған ғалымдардың бірі, ұлттық мектеп пен оқу-ағарту теориясын жасаушы, әдебиеттану мен фольклортану ғылымына елеулі үлес қосқан зерттеуші ретінде қарастырады. Оның идеялары бүгінгі ғылымға да, қазіргі білім беру жүйесіне де құнды. Осылай, Елдес Омарұлы ұлттық ғылымның, мәдениеттің, ағартушылықтың, баспасөздің дамуына зор үлес қосқан, Алаш мұратын биік ұстаған, XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ руханиятының ең көрнекті өкілдерінің бірі. Оның мұрасы қазақ болмысының, ұлттық ойдың, ғылыми тұжырымның мәңгілік құндылығы. [6, 86 б].

Ол XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ руханиятының ең ірі, бірақ есімі кеш ашылған тұлғаларының бірі. Оның өмір жолы отарлық қысым, ұлттық серпілу, саяси қуғын, рухани күрес

кезеңдерін қамтыған қазақ зиялыларының ортақ тағдырының көрінісі. Елдес Омарұлы тек педагог не тілші емес, оның болмысы жан-жақты энциклопедист тұлға еді. Ол тіл, педагогика, әдебиеттану, терминология, әліпби реформасы, фольклор, тарих, этнография, баспасөз салаларында жүйелі ғылыми мұра қалдырды. [7, 12 б].

Тиесов Елдес Омарұлы біріншіден, өзінің зерттеулері арқылы қазақ тіл білімінің іргетасын қалады. Оның фонетика, морфология, синтаксис салаларына қатысты тұжырымдары қазіргі қазақ лингвистикасының теориялық негізіне айналды. Әліпби реформасы жөніндегі пікірлері де ғылыми дерекке сүйенген ұлттық көзқарастың үлгісі болды [4, 11 б]. Ол тілдің ұлттық санадағы рөлін терең түсінген ғалым ретінде қазақ ғылымына жаңа бағдар ұсынды.

Екіншіден, оның ұлттық педагогика саласындағы еңбектері қазақ мектебінің ғылыми негізде дамуы үшін шешуші рөл атқарды. Оның «ұлт мектебінде білім беру моделі ұлттық болуы қажет» деген принциптері бүгінгі білім жүйесінің идеясымен сәйкес. Ол оқытудың әдіснамалық негізін анықтап, қазақ баласының ойлау психологиясын ескерген дидактикалық үлгілер ұсынды [2, 65 б].

Үшіншіден, әдебиет пен фольклорды зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі. Оның жыр, айтыс, өлең құрылысы жөніндегі пікірлері қазақ әдебиеттануының классикалық дәуіріне жатады. Фольклорды ұлттық ойлаудың тамыры ретінде қарастыруы қазіргі мәдениеттануда өзектілігін жоғалтпаған тұжырым.

Төртіншіден, ол ұлттық баспасөздің дамуына ерекше үлес қосты. Оның «Қазақ», «Шолпан», «Жаңа мектеп» сияқты басылымдардағы мақалалары ағартушылық ойдың, ұлттық идеяның қалыптасуына қызмет етті.

Бесіншіден, Елдес Омарұлының тағдыры, кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болған қазақ зиялыларының қайғылы бейнесінің бірі. Айыпсыз жазаға тартылуы ғылым мен білім жолында аянбай еңбектенген ұлт перзентінің өмірін өшірген саяси жүйенің қылмысы. Оның Сібірге айдалып, кейін 1937 жылы атылуы қазақ интеллигенциясына жасалған қасіреттің бір парағы. [8, 157 б].

Алайда бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында Елдес есімі ортамызға қайта оралып, ғылыми мұрасы жаңадан зерделеніп жатыр. Елдес Омарұлы ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілі ғана емес, сонымен қатар ұлттық идеяны көзінің қарашығындай қорғаған шынайы ғалым, ұлт жанашыры. Оның есімін тек тарих кітаптарынан ғана емес, ұлттық білім, мәдениет, ғылым кеңістігінен де көруге болады. Оның мұрасы бүгінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беретін рухани құндылық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. - Қызылорда: Қазмембас, 1925. - 136 б.
2. Досмұхамедұлы Х. Тандамалы. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 384 б.
3. Омарұлы Е. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. - Ташкент: Түркістан баспасы, 1926. - 78 б.
4. Омарұлы Е. Әліпби мәселесі және жазу реформасы. - Алматы: Қазбас, 1928. - 56 б.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. - 368 б.
6. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы. - Алматы: Дәуір, 2012. - 512 б.
7. ҚР Орталық Мемлекеттік Архиві. 1930 ж. Елдес Омарұлына қатысты тергеу ісі. - Іс №512.
8. Садықов Т. Қазақ зиялылары және ұлттық идея. - Алматы: Білім, 2004. - 244 б.
9. Ахметова Г. Қазақ педагогикасы тарихы. - Алматы: Рауан, 1997. - 220 б.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРЫ

Ерханқызы Д.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., Оразбақов А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

erkhankyzy.dinara@mail.ru

Қызылорда қ.

Қазіргі кезеңде көптеген сөздіктерде интеллигенция дегенде мамандығы бойынша ой еңбегімен айналысатын адамдарды айтады. Қазақтың интеллигенциясы, яғни қазақтың зиялы қауымы ақын-жыраулары шешен-билері, абыздары дәстүрлі қазақ қоғамының алғашқы өкілдері болған еді. Осындай қазақ интеллигенциясының өкілдері 1917 жылғы революция қарсаңында қазақ даласынан шығып Ресейдегі оқу орындарында оқып, қызмет жасап, саяси жұмыстарға белсене түрде араласа бастаған болатын. Осылайша, ХХ ғасырдың басында ой өрісі батыстан кем түспейтін, елінің халқының